

Түркістан қаласының әкімдігі

ҚАУЛЫ

№ 949

05.06.2017 м.

Нысаналы мақсатына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 Жер кодексінің 18, 49-1 баптарына, Түркістан қаласы әкімдігі жанындағы жер қатынастарын реттеу жөніндегі комиссиясының 2017 жылғы 17 мамырдағы №801 қорытындысын негізге ала отырып, Түркістан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Азамат Қуатбеков Нурлан Абдумусаевичтың, Түркістан қаласы, Т.Рәмбердиев көшесі №1 Б мекенжайда орналасқан кадастрлық №19-307-028-421 жалпы алаңы 0,95 гектар пайдаланудағы оқу корпус ғимараттары үшін жеке меншікке берілген жер учаскесінің нысаналы пайдалану мақсатын бастауыш мектеп және балабақша ғимараттары үшін өзгеріс енгізілсін.

2. Осы жеке тұлғаға берілген жер теліміне электр, жылу, су, байланыс жүйелері мен құралдарын орнатуда және пайдалануда сондай-ақ мемлекеттік, қоғамдық мақсаттар үшін қажетті басқа да реттеу кезінде бөгетсіз енуге қолжетімдікті қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Осы қаулы қабылданған күннен бастап 6 ай мерзім ішінде Әділет органдарына тіркелуі ұсынылсын.

4. Жер учаскесі бөлінеді;

5. Азамат Қуатбеков Нурлан Абдумусаевич, Түркістан қаласы сәулет және қала құрылысы бөлімінің өз өкілеттігі шегінде қойған барлық талаптарын орындауы, жобалау-сметалық құжаттарын дайындап, жобаны аталған бөліммен келісу ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуы Түркістан қаласы әкімдігінің «Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне /Қ.Үсенбаев/ жүктелсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т.Мұсаевқа жүктелсін.

Қала әкімі



Ә.Өсербаев

Көшірмесі дұрыс:
Б.Сулейменова